Мысалы, оқушыларға салауатты өмір салты дағдыларын оқыту және үйрету үшін 1998 жылдан бастап білім беру жүйесінің ұйымдарында барлық деңгейлерде факультативтік сабақ ретінде қалай денсаулықты сақтау керектігі жөніндегі - «Валеология» пәні енгізілген, алайда 2006 жылға қарай «Валеология» пәні енгізілген мектептер саны 72% - ға, ал 2011 жылы 10% - ға дейін азайды. Бағдарламаны іске асыруда балалар мен жасөспірімдерді гигиеналық оқыту шешімін табуды қажет ететін күрделі мәселе болып қалуда. Алайда, соңғы жылдардағы зерттеулер көрсеткендей, балалардың 30-35 % - ы 1-ші сыныпқа денсаулық жағдайында қандай да бір ауытқулармен келеді. Мектеп бітірушілердің ішінде 80% - дан астамын денсаулығында мін жоқ деп айтуға болмайды. Осындай денсаулық жай-күйі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық факторлардың ұзақ уақыт қолайсыз әсерінің нәтижесі ғана емес, сондай-ақ бірқатар төмендегідей педагогикалық факторлардың нәтижесі: авторитарлық педагогиканың стресстік тактикасы, оқу үдерісінің қарқыны, мектепке дейінгі жүйелі оқытудың ерте басталуы, оқыту бағдарламалары мен технологияларының оқушылардың функционалдық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі, оқу үдерісін ұйымдастыруға қойылатын қарапайым физиологиялық-гигиеналық талаптарды сақтамау, баланың денсаулығын сақтау және дамыту мәселелерінде педагогтардың біліктілігінің жеткіліксіздігі, балалардың денсаулығын сақтау мәселелеріндегі ата-аналардың жаппай сауатсыздығы, қолданыстағы дене тәрбиесі жүйесіндегі және медициналық қызмет жұмысындағы елеулі кемшіліктер.

Осыған байланысты білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау, олардың басты адами құндылық ретінде олардың денсаулыққа деген көзқарасын қалыптастыру болуы тиіс. Білім беру - тәрбие үдерісін және балаларды оқыту талаптарын оңтайландыру мақсатында «Білім



алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы шықты [5]. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы шықты [6]. Мектептер бес күндік оқу аптасына көшірілді. Н. Назарбаев: «Біз Экономикалық даму мен ынтымақтастық ұйымдарына ықпалдасудамыз және біз дәйекті әрекет етуіміз керек. Барлық дамыған елдердің мектептерінде бес күндік оқу аптасы қолданылады. Бұл баланың қалпына келуіне, педагогқа – демалуға және сабаққа дайындалуға мүмкіндік береді. Ғалымдар оқу аптасының ұзақтығы қысқарған кезде оқытудың нәтижелілігі артатынын ғылыми тұрғыда дәлелдеді.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шаралары туралы Елбасының Жарлығына сәйкес орта білім беруде оқу жүктемесін азайту бойынша шаралар қабылданды [7]. Осыған байланысты барлық сыныптардағы жүктеме азайтылған Үлгілік оқу жоспарлары әзірленді. Бастауыш мектепте: 1, 2 сыныптарда – аптасына 2 сағаттан, 3, 4 сыныптарда – 3 сағаттан жүктеме азайтылды.

Ы. Алтынсарин ат. Ұлттық білім академиясы 2018 жылы «2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» нұсқаулық-әдістемелік хат әзірледі [8]. Бұл хатта оқу жүктемесін азайту туралы айтылады. Оқу жүктемесін төмендету мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленді [9]. Үй тапсырмасының көлемі және оны орындауға бөлінген уақыт іс жүзінде екі есе қысқарды.

Профилактикалық жұмыс тек қауіп факторларын жоюға ғана емес, сонымен қатар денсаулық детерминанттарын талдау мен оңтайландыруға негізделуі тиіс. Денсаулық детерминанттары - бұл жекелеген адамдардың немесе халықтың денсаулық жағдайын анықтайтын жеке, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлар қатары (ДДҰ). Денсаулықты нығайту жөніндегі қызметтің нәтижелері жай ғана аурудың болмауымен немесе салауатты өмір салтын жүргізумен есептелмеуі тиіс. 1986 ж. Оттава денсаулықты нығайту хартиясында денсаулықты нығайту бойынша қызметтің бес бағыты тұжырымдалған: мемлекеттік денсаулық саясатын әзірлеу, қолайлы орта құру, қоғамдастықтың денсаулық мүддесіндегі іс- әрекетін күшейту, жеке тұлғалық дағдылар мен іскерлікті дамыту, денсаулық сақтау қызметтерін қайта бағдарлау.

Жүргізілген сараптама негізінде ел Үкіметі білім беру үдерісін оңтайландыру және балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша үлкен жұмыс жүргізіп жатқаны жөнінде қорытынды жасаймыз. Жас ұрпақ әртүрлі оқыту және қалыптастырушы ықпалдарға бейім. Демек, салауатты өмір салтын бала жастан бастап қалыптастыру қажет, сонда өз денсаулығына қамқорлық негізгі құндылық ретінде мінез-құлықтың табиғи түріне айналады. Оқушылардың хабардарлығын арттыруды қамтамасыз ету үшін балаларды, жасөспірімдерді гигиеналық оқыту мәселелерінің шешімін табу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Сатпаева Х.К. Валеология: оқу құралы.-Алматы: Эверо, 2007.-240с.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы, 2007 ж.
3. ҚР Президентінің «2016-2020 жылдарда білімді дамудың мемлекеттік бағдарламасын» бекіту туралы 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.
4. 2008-2016 жылдарға арналған «Салауатты өмір салты» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №1260 Қаулысы.



5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 272 бұйрығы.

6. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» 10.05.2018ж. №254 ҚР Үкіметінің Қаулысы.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы »Жарлығы.

8. Нұсқаулықтар мен хаттар «2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы», Ұлттық білім академиясы Алтынсарин, Астана, 2018 жыл.

9. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй жұмысын ұйымдастыруға және аяқтауға арналған әдістемелік ұсынымдарды» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығы.

Теплообмен урановой сферы в охлаждаемом потоке

Каримов Султан Ахметжанович, учитель физики

Назымбеков Ғабит Ильясұлы, учитель физики

Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления в г. Алматы

***Аннотация:** Ключевой проблемой при построении нового геометрического и конструктивного типа ядерного реактора четвертого поколения является оптимизация конфигурации охладителя. В настоящей работе представлена математическая модель урановой сферы, находящейся в интенсивном потоке нейтронов и обтекаемой ламинарным охлаждающим потоком. Проанализирована детальная картина разности температур и гидродинамической скорости и ее давления охлаждающего потока вокруг сферы, нагретой внутри реакциями ядерного деления. Аварийные случаи в работе ядерного реактора связаны главным образом с теплопередачей охладителя из активной зоны, где расположены тепловыделяющие элементы, в парогенератор при остановке транспортировки охладителя из-за неожиданного прерывания или его утечки. В статье раскрывается некоторый определенный парст технической проблемы от анализа ее возникновения до путей ее полного решения.*

В планируемой работе предполагается на основе программных пакетов COMSOL и MNCP (программа для расчета критичности произвольных тепловыделяющих объектов на предмет критичности системы, где под критичностью понимается плотность нейтронов в данной точке конструкции) провести работу под прогнозу различных аварийных ситуаций, возникающих при работе ядерного реактора. Нужно отметить, что доверие к численным расчетам в настоящее время увеличивается и это связано в первую с тем, что модели и способы их численной реализации качественно возросли из –за значительного повышения надежности сходящихся схем расчета, а также этот рост доверия связан как с увеличением компьютерных мощностей, так и по по причине готовых, достаточно простых и проверяемых сервисных методов расчета дифференциальных уравнений описывающих нестационарные процессы как в активной зоне реактора так и в ее периферийных зонах. Проведение натурных измерений не только является не приемлемым с точки зрения экономических и интеллектуальных затрат которые идут на строительство испытательных стендов, но и с точки



зрения реализации процесса измерения и подобия такого рода ситуаций в эксперименте. В то же время математическое моделирование позволяет не только строить модели для самых невероятных гипотетических ситуаций, но реально прогнозировать возможность такого рода стечения обстоятельств на расчетных моделях. Программа MCNP, созданная в Национальной Лос-Аламосской лаборатории является идеальным программным пакетом для расчета критичности произвольных сборок и позволяет рассчитать нейтронные потоки как в центре активной зоны реактора так и на периферии.

Программный модуль COMSOL позволяет интегрировать различные физические процессы в одну математическую модель, что представляется наиболее важным для предсказания поведения энергетической установки в нештатных и аварийных ситуациях

В планируемой магистерской диссертации, предлагаемая работа которой должна быть выполнена в течение трех лет, мы собираемся скомпилировать и запустить математические модели на базе мощных программных пакетов ComSol и MNCP (программа для расчета коэффициентов критичности произвольных объектов деления топлив при наличии различных систем безопасности, где критичность относится к плотности нейтронов в данной точке исследуемого пространства) для работы в условиях различных прогнозируемых аварийных ситуаций, возникающих при эксплуатации ядерного реактора. Следует отметить, что достоверность численных расчетов в настоящее время растет и это связано прежде всего с тем, что модели и методы их численной реализации качественно повышаются, значительно повышается надежность сходящихся расчетных схем, а также с ростом достоверности, связанной как с увеличением вычислительной мощности, так и с увеличением реализуемости расширенных за счет достаточно простых и проверяемых сервисов методов расчета дифференциальных уравнений, описывающих нестационарные процессы в активной зоне реактора и ее периферийных областях. Проведение реальных измерений не только неприемлемо с точки зрения экономических и интеллектуальных затрат, но и по той причине, что ввод в строй испытательных площадок вызовет дополнительные непредсказуемые ситуации, а также по причине и последствиям реализации процесса измерений и сходства такого рода ситуаций в эксперименте эти эксперименты могут оказаться далеко не теми, о которых идет речь. В то же время математическое моделирование позволяет не только построить модель для самых невероятных гипотетических ситуаций, но и спрогнозировать ожидаемые ситуации и найти управляющие шаги для обоснования предполагаемой возможности такой аварии, как стечение обстоятельств в проектируемых моделях. Программа MCNP, созданная в Лос-Аламосской Национальной лаборатории, представляет собой идеальный программный комплекс для расчета критичности произвольных сборок и позволяет рассчитывать потоки нейтронов в центре активной зоны реактора и на периферии.

Программный модуль COMSOL позволяет интегрировать различные физические процессы в математическую модель, что наиболее важно для прогнозирования неконтролируемого повышения мощности на станции в аварийных и аварийных ситуациях.

Детальный анализ поведения различных реакторных систем в аварийных ситуациях является одним из первых и обязательных этапов проектирования каждой атомной электростанции. Оценка последствий гипотетических аварий требует расчета динамики ядерных, физико-химических и теплогидравлических процессов при развитии таких видов аварий.[1]. При проектировании атомных энергетических систем обязательным является рассмотрение поведения различных реакторных систем в аварийных ситуациях: при отказе устройства, повреждении системы охлаждения, при разрыве трубопроводов, насосов и т.д. На первом этапе для решения этой задачи должна быть создана математическая модель, которая будет нормально эксплуатироваться и управляться существующими технологиями, затем в эту модель будут введены различные типы возмущений, отражающие нарушения прогнозируемых процессов, а также любые новые процессы, происходящие только в случае аварий. Обычно гипотетические аварии ядерных реакторов описываются путем создания



очень сложных математических моделей с использованием высокопроизводительных вычислений. Эти модели являются результатом многолетней работы больших групп ученых, и их применение, безусловно, потребует решения вышеупомянутых технических проблем (предотвращение аварий и разработка мер по их устранению), связанных с экономичностью процесса. Одним из важнейших аспектов безопасности (надежности) ядерной системы является система охлаждения, повреждение которой приведет к возникновению аварийных ситуаций. Данная статья посвящена данной стороне проблемы безопасности ядерных реакторов.

1 Основные уравнения

Скорость распространения пространства вокруг сферы дана в [2] и равна:

$$\vec{V} = -\frac{3R}{4} \frac{\vec{u} + \vec{n}(\vec{u} * \vec{n})}{r} - \frac{R^3}{4} \frac{\vec{u} - 3\vec{n}(\vec{u} * \vec{n})}{r^3} + \vec{u} \quad (1)$$

Давление в областях границы определяется:

$$p = p_0 - \frac{3}{2} \eta \frac{\vec{u} \vec{n} R}{r^3} \quad (2)$$

Где, R-радиус сферы, r –сферическая координата, $\vec{u}$ – вектор скорости сферы, η – вязкость.

Для зависящей от времени зависимости скорости потока и температуры и пространственной зависимости температуры в нагретой соседней области имеем следующие основные уравнения

$$\rho \frac{d\vec{V}}{dt} + \rho(\vec{V} * \nabla) = \nabla \left[\rho + \mu \left(\frac{dV_i}{dx_k} + \frac{dV_k}{dx_i} \right) \right] + \rho \vec{g} \quad (3)$$

$$\rho C_p \frac{dT}{dt} + \rho C_p \vec{V} * \Delta T = \nabla(\chi \nabla T) + \frac{\mu}{2C_p} \left[\frac{dV_i}{dx_k} + \frac{dV_k}{dx_i} \right]^2 + W(x, y, z) \quad (4)$$

Где ρ , C_p , μ , $\vec{V}$, T , W плотности протекающей жидкости, теплоемкость жидкости, мощность сферической генерации энергии.

Граничные условия

$$\vec{V}(x_0, y_0, z_0) = 0 \quad (5)$$

$$T(x_0, y_0, z_0) = T_w(x_0, y_0, z_0) \quad (6)$$

где x_0 , y_0 , z_0 нагретая поверхность сферы.

2 Математическая модель

Математическая модель была создана из урановой сферы, расположенной в середине цилиндра, обтекаемого ламинарным охлаждающим потоком. Начальная температура урановой сферы-1000 (С), температура охлаждающего потока-0(С). Также мы предполагаем, что сфера урана генерирует около 2 000 (Вт/м³) тепла. При выполнении граничного условия скорость течения равна нулю ($u = 0$), а теплопередача не происходит $n \cdot (k \Delta T) = 0$. Радиус урановой сферы-0,3 метра, радиус цилиндра-1 метр, высота-6 метров. Давление в цилиндре составляет 11 000 (Па). С одной стороны цилиндра вода поступает с давлением 20 000 (Па), со второй стороны вода выходит с давлением 10 000 (Па) и с обеих сторон расход нагнетания равен 0,1 (м³/с). Следующие рисунки описывают температуру и скорость на цилиндре после того, как через 1 секунду охлаждающая жидкость начнет свое движение.




Рисунок-1. Гидродинамическая скорость охлаждаемой жидкости как функция зависимости от времени

Показано, что теплоотдача от сферы поддерживается за счет вязкости теплоносителя и может быть оценена в контурной системе охлаждающей жидкости вокруг активной зоны ядерного реактора. Увеличение интенсивности деления ядер приводит к увеличению пограничного слоя, в котором теплопередача наиболее эффективна.




Рисунок-2. Распределение температуры в охлаждаемой жидкости через секунду




Рисунок-3. Распределение температуры в охлаждаемой жидкости вокруг нагретой сферы при высокой интенсивности нейтронного потока




Рисунок-4. Распределение давления охлаждаемой жидкости вокруг сферического источника тепла.

3 Заключение

В настоящей работе проанализированы тепловые характеристики станции АЭС и показано, что распределение температуры в таких типах движущихся жидкостей в интенсивных тепловыделяющих физических объектах определенной геометрии имеет большое значение для оптимального технического проектирования ядерных реакторов четвертого поколения. Высокотемпературные реакторы газового охлаждения малой мощности очень нужны в промышленности не только из-за их преимуществ в системах безопасности, но и из-за простоты конструкции. Но найти эффективную скорость охлаждения в таком типе реактора - одна из главных проблем, которая должна быть далее более изучено и проанализировано

Литература

1. Петухов Б.С., Генин Л.А., Ковалев С.А. Теплообмен в ядерных энергетических установках, 1974, Издат.: Атомиздат, стр. 408.
2. Ландау Л.Д., Лифшиц Е.М. Гидродинамика. Москва "Наука" 1988



Мамандығым - менің болашағым

Қасаева Назым Асқарқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Экономика» мамандығының 4 курс студенті

Жетекшісі: Айтбембетова А.Б.

Экономика ғылымының докторы профессор м.а.

Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Экономика және бизнес жоғары мектебі

Адамзат баласы осы қиындығы мен қызығы қатар жүретін мынау дүниеде қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да өміріндегі ең бір ұмытылмас кездер университет қабырғасындағы керемет шақтар. Мен де осы бір керемет кезеңнің табалдырығын аттап, балалық шақпен қоштасып, жаңа бір белеске аяқ бастым. Менің Алатаудай асқақ арнамым мені қаламыздағы Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне жетеледі. Мен университеттің есігін айқара ашқан күннен бастап, мені жаңа әлем, жаңа адамдар, жаңа достар күтіп тұрғанын, оған қоса мойнымда үлкен жауапкершіліктің барын сезіндім. Өйткені осындай заңғар университеттің студенті атану әркімге бұйыра бермес бақ деп білемін. Қазір сол арнамымда болған университетте, жүрегіммен және ата-анаммен кеңесіп таңдаған сүйікті мамандығым «Экономика және Бизнес Жоғары мектебі» факультетінде оқып жатырмын. Ал енді осы басыма қонған бақты аялау әрі қарайғы менің басты міндетім. Әл – Фараби бабамыз өз сөзінде: «Бақытқа жеткізетін еркін әрекет - тамаша әрекет» дегендей, сол тамаша әрекеттің бірі – ол білімге деген құштарлық деп санаймын.

Мамандық таңдау - бұл өте маңызды іс. Өйткені біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Сондықтан мамандықты таңдауда өте мұқият болу керек және өзін ұнатып таңдаған мамандығың болуы керек. Себебі тек өзіміз ұнатып, сүйіп таңдаған мамандығымыздың болашақта жемісін көреміз. Түркі тілдес халықтың «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген нақыл сөзін ұран етіп, мамандықты дұрыс таңдауымыз керек.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында жаңа кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі «осы заманғы білім беру, парасатты экономиканың негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды пайдалану мамандарды дайындау сапасын көтеруге басты себеп болатын, инновациялық экономиканы дамыту», деп көрсеткен. Қазақстан Республикасының болашағы, ұлттық мүдделерінің жүзеге асырылуы, дамуы үлкен жауапкершілікке ие болған мамандарға байланысты.

Мен ҚазҰУ-нің бакалавриат 4-ші курс студенті бола отырып, өзімнің таңдауыма өкінбеймін. Сонымен қатар, осы жоғары оқу орнындағы оқумен мақтанамын және оның басты имидждік сипаттамасы - беделділік, білім беру сапасы, оқытушылардың халықаралық дайындық деңгейін, белсенді және қызықты студенттік өмірді бағалаймын. Мен төрт жыл бұрын осындай керемет мекеннің студенті атандым.

Бұрынғы кездері үлкендер «өмірдегі ең қызықты шақтар – студенттік шақтар» десе түсінбейтін едім. Нағыз өмірлік достарды осы жерден таптым. Ұмытылмас кештер мен қызық сәттер осы университетте өтті. Өмірдегі ең ыстық сезімдер мен пейілдер, сыйластық пен құрмет – барлығын осы ҚазҰУ-нен алдым.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені. ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Сол себепті де, мен өзімнің ҚазҰУ-да жүргендігімді өмірімдегі ең үлкен сәттілік деп санаймын.



Заң пәндерін оқытуда жаңа әдістерді қолдану мәселелері туралы

Машканов Бейбит Хаденович, 2 курс магистранты

Алжанкулова Светлана Абилядаходжаевна

Алматы қаласы Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы

Кәсіптік білім берудің тиімділігін арттыру үшін қандай әдістер қолданылса да, студент белсенді жеке позицияға ие бола алатын және өзін оқу қызметінің субъектісі ретінде толық көрсете алатын психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасау маңызды. Тұлғаның оқытудағы және кәсіптік өзін-өзі анықтаудағы белсенділігінің дидактикалық принципі студенттің оқу іс-әрекеті мен оқытушының бірыңғай оқу процесіндегі педагогикалық іс-әрекетін талап ету жүйесін негіздейді. Бұл жүйеге сыртқы және ішкі факторлар, қажеттілік пен мотивтер кіреді. Бұл сипаттамалардың арақатынасы тәрбие мазмұнын, оқытудың нақты нысандары мен әдістерін таңдауды, белсенді шығармашылық тұлғаны қалыптастыру процесінің барлық ұйымдастыру шарттарын анықтайды. Әмбебап тиімді немесе тиімсіз әдістер жоқ.

Оқытудың барлық әдістерінің мықты және әлсіз жақтары бар, сондықтан мақсатқа, жағдайларға, бар уақытқа байланысты оларды оңтайлы үйлестіру қажет. Білім беру сапасы оқыту сапасы мен тәрбие сапасынан құралады. Оқыту сапасына әрбір оқу сатысының тиімділігін қамтамасыз ету нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады. Яғни, оқытудың барлық процесі келесі схема бойынша құрылады: қабылдау - түсіну - есте сақтау - қолдану - тексеру. Оқыту сапасына қол жеткізу үшін танымдық қызметтің осы сатыларынан дәйекті өту қажет. Оқыту үдерісінде әртүрлі формалар мен әдістерді қолдану оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді [1, 34].

Оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін оқытудың негізгі түрлері мен әдістері - бұл: рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, конференциялар, пікір-таластар, диалогтар, проблемалық оқыту, өзіндік жұмыс, ғылыми жұмыстарды қорғау, жеке жұмыс, шығармашылық жұмыстар, баяндамалар, хабарламалар; тестілеу, бағдарламалық бақылау, зерттеу жұмысы және т.б. оқыту сапасының мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Жоғары оқу орнында заң пәндері бойынша оқу материалдарын ауызша баяндау кезінде негізінен оқытудың ауызша әдістері қолданылады. Олардың ішінде жоғары оқу орындары дәріс маңызды орын алады. Дәріс оқытудың барлық курсының жетекші буыны ретінде сөйлейді және оның студенттердің қабылдауының бүтіндігі мен аяқталуын қамтамасыз ететін көлемді теориялық материалды баяндау тәсілі болып табылады. Дәріс пән бойынша ғылыми білімнің жүйелендірілген негіздерін беру, ғылым мен техниканың тиісті саласының даму жағдайы мен перспективаларын ашу, оқушылардың назарын неғұрлым күрделі, тораптық мәселелерге шоғырландыру, олардың белсенді танымдық қызметін ынталандыру және шығармашылық ойлауды қалыптастыруға ықпал ету керек. Алайда, дәстүрлі ЖОО дәрісінде бірқатар кемшіліктер бар, олар:

1. Дәріс бөтен пікірлерді пассивті қабылдауға үйретеді, оқушылардың өз бетінше ойлауын тежейді.
2. Дәріс өз бетінше сабаққа деген ұмтылысын өтейді.
3. Егер оқулықтар болмаса немесе олар аз болса, дәрістер қажет.
4. Бір тыңдаушылар ойлауға үлгереді, басқалары - лектордың сөзін механикалық жазуға ғана. Бұл оқытуды дараландыру принципіне қайшы келеді.

Алайда, жоғары мектепте оқу тәжірибесі дәрістен бас тарту білім алушылардың ғылыми дайындық деңгейін төмендетеді, семестр бойы олардың жұмысының жүйелілігі мен біркелкілігін бұзады. Сондықтан дәріс бұрынғысынша заң пәндерін оқытудың жетекші әдісі



ретінде де, ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастырудың жетекші нысаны болып қала береді. Көрсетілген кемшіліктер дұрыс әдістемемен және оқылатын материалды ұтымды құрумен айтарлықтай дәрежеде еңсерілуі мүмкін.

Белгілі бір дәрежеде аталған қайшылықтардың өткірлігі оқу үрдісінде дәстүрлі емес дәріс оқу түрлерін қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы әдістеме 250-ден астам түрлі әдістерді қамтиды. Бұл әдістер оқытушының рөлінің өзгеруіне, білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың жаңа құралдарына әкеледі [2, 39].

Оқытудың тиімді әдістерінің бірі, әсіресе заң пәндерін оқытуда мәселелерді шешу әдісі (проблемалық оқыту) болып табылады, өйткені Нормативтік құқықтық материалдың үлкен массивін ұғыну дәл сол немесе басқа практикалық қазусты шешу үшін талап етіледі. Білім алушыларға фактілерді және олардың өзара байланысын "трансляциялаудың" орнына оларға жағдайды (проблеманы) талдауды және құқықтық талдауды жүзеге асыруды және оның шешімін іздестіруді ұсынуға болады.

Дәстүрлі дәрісте көбінесе түсінік, иллюстрация, сипаттама, мысалдарды келтіру, ал проблемалық - құбылыстарды жан-жақты талдау, ақиқатты ғылыми іздеу қолданылады. Проблемалық дәріс проблемалық мәселелерді қою немесе проблемалық міндеттерді қою арқылы жүйелі түрде модельделген проблемалық жағдайлардың қисынына сүйенеді. Проблемалық жағдай-бұл дұрыс бағалау және шешу үшін білім алушылардың белсенді танымдық қызметін талап ететін проблемалық сұрақтарды (кіріспе) қою арқылы сабақтарда пайда болатын күрделі қарама-қайшы жағдай. Проблемалық мәселе диалектикалық қарама-қайшылықты қамтиды және оны шешу үшін белгілі білімді қайта жаңғыртуды емес, ойлауды, салыстыруды, іздестіруді, жаңа білімді алуды немесе бұрын алынған білімді қолдануды талап етеді. Проблемалық мәселе, проблемалық сұраққа қарағанда, қосымша кіріспе ақпаратты және қажет болған жағдайда оны шешу үшін іздеудің кейбір бағдарларын қамтиды. «Проблемалық мәселе» және «проблемалық міндет» ұғымдары тек шартты түрде ғана ажыратылады, себебі проблемалық мәселелер міндеттерге көшуі мүмкін, ал міндеттер сұрақтарға және жауап алуға бөлінеді.

Күрделілік деңгейі, проблемалардың сипаты білім алушылардың дайындығына, оқылатын тақырыпқа және басқа да жағдайларға байланысты.

Проблемалық мәселелерді шешу және проблемалық сұрақтарға жауап беруді оқытушы жүзеге асырады (кейде тыңдаушылардың көмегіне жүгіне отырып, пікір алмасуды ұйымдастыра отырып). Оқытушы қарама-қайшылықтарды шешу ғана емес, логиканы, әдістемені көрсету, күрделі құбылыстарды танудың диалектикалық әдістерінен шығатын ақыл-ой қызметінің тәсілдерін көрсету керек. Бұл айтарлықтай уақытты талап етеді, сондықтан оқытушыдан оқу материалын іріктеу және «сценарийді» дайындау бойынша алдын ала жұмыс талап етіледі.

Мәселені шеше білу - адамға оның қызметі мен күнделікті өмірінің кез келген саласында қажетті маңызды негізгі құзыреттілік болып табылады. Егер білім алушылар мәселелерді шеше білсе, олар жұмыс істейтін ұйымдар үшін олардың құндылығы көп есе артады, сонымен қатар олар өмір бойы қажетті құзыреттілікке ие болады.

Проблеманы шешу барысында білім алушылар: нақты мәселе бойынша өз білімдерін тереңдетеді; қағидаттар мен рәсімдерді (теорияны) қолдана отырып, мәселелерді шеше білуді дамытады; Әлеуметтік және коммуникативтік біліктерді дамытады. Осылайша, тыңдаушылар проблемалық сипаттағы лекцияда дәріскермен «күмәнданудың» тұрақты үдерісінде болады және соңында проблемалық міндеттерді шешуде тең авторлар болады. Мұның бәрі жақсы нәтижелерге әкеледі, өйткені біріншіден, осылайша игерілген білім тыңдаушылардың игілігіне айналады, яғни қандай да бір дәрежеде білім-наным-сенімге айналады; екіншіден, белсенді меңгерген, олар терең есте қалады және оңай өзектіленеді (оқыту әсері), неғұрлым икемді және басқа жағдайларға көшу қасиетіне ие (шығармашылық ойлауды дамыту әсері); үшіншіден, проблемалық есептерді шешу интеллект дамуының



өзіндік тренажері болады (дамыту әсері); төртіншіден, осындай түрдегі дәріс мазмұнына деген қызығушылықты арттырады және кәсіби дайындықты күшейтеді (болашақ қызметке психологиялық дайындық әсері).

Оқыту белсенділігінің деңгейін арттыратын жұмыс түрлері:

- сабақ өткізудің дәстүрлі емес формаларын қолдану (іскерлік ойын-сабақ, жарыс – сабақ, семинар – сабақ, экскурсия-сабақ, кіріктірілген сабақ және т.б.);

- оқу сабақтарының дәстүрлі емес формаларын қолдану (біріктірілген сабақтар, бірыңғай тақырып, проблема;

- аралас, жобалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар және т.б.); ойын түрлерін пайдалану;

- диалогтық өзара іс-қимыл; проблемалық-міндет тәсілі (проблемалық мәселелер, проблемалық жағдайлар және т.б.).

- әр түрлі жұмыс түрлерін пайдалану (топтық, бригадалық, жұптық, жеке, фронтальды және т.б.);

- оқытудың интерактивті әдістері (репродуктивті, ішінара-іздеу, шығармашылық және т.б.);

- дидактикалық құралдарды қолдану (тесттер, терминологиялық сөзжұмбақтар және т.б.);

Оқытудың белсенді әдістеріне:

Миға шабуыл (ми шабуылы, брейнсторминг) - ғылыми және практикалық мәселелерді шешу үшін жаңа идеяларды жасаудың кең қолданылатын тәсілі. Оның мақсаты-мәселелерді шешудің дәстүрлі емес жолдарын іздеу бойынша ұжымдық ойлау қызметін ұйымдастыру.

Іскерлік ойын - берілген ережелер бойынша ойын арқылы кәсіби немесе өзге де қызметті модельдейтін жағдайларды имитациялау әдісі.

«Дөңгелек үстел» - бұл белсенді оқыту әдісі, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушылық формаларының бірі, ол бұрын алған білімдерін бекітуге, жетіспейтін ақпаратты толтыруға, мәселелерді шеше білуге, ұстанымды нығайтуға, пікірталасты жүргізу мәдениетіне үйретуге мүмкіндік береді.

Нақты жағдайларды талдау (case-study) - білім алушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастырудың ең тиімді және кең таралған әдістерінің бірі. Нақты жағдайларды талдау әдісі тазартылмаған өмірлік және өндірістік міндеттерді талдау қабілетін дамытады. Нақты жағдайға тап бола отырып, білім алушы: онда проблема бар ма, ол неден тұрады, жағдайға өзінің көзқарасын анықтау керек.

Проблемалық оқыту-оқушыларды тану үдерісі іздену, зерттеу жұмыстарына жақындап келе жатқан нысан. Проблемалық оқытудың табыстылығы оқытушы мен оқушылардың бірлескен күшімен қамтамасыз етіледі. Педагогтың негізгі міндеті-ақпаратты беру емес, тыңдаушыларды ғылыми білімнің дамуының объективті қайшылықтарына және оларды шешу тәсілдеріне қатыстыру. Оқытушымен ынтымақтастықта оқушылар өздері үшін жаңа білім ашады, жеке ғылымның теориялық ерекшеліктерін меңгереді.

Әдебиет:

1. Әлімов. А.Х. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. -А., 2013.-362 б.
2. Зарипов Р.Н. Формы и методы преподавания в современной высшей школе // Вестник КазНПУ имени Абая. – 2017. - № 2. – С. 39-45.



Нәзипа Құлжанова – Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбиенің негізін қалаушысы

Расол Венера, магистр

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстандағы алғашқы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш – журналист- публицист Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы туралы баяндалады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қосқан үлесі, еңбектері қарастырылады. Бұрынғы тәрбие орындарының алдына мақсат қылып ұстаған нысаналары анықталып, қазіргі таңдағы білім беру бағдарламаларымен салыстырылады.

Кілт сөздер: Нәзипа Құлжанова, мектепке дейінгі тәрбие, балабақша, еңбек, негізін қалаған.

Аннотация: В статье рассказывается о первом журналисте – публицисте Кульжановой Назипе Сегизбаевне, которая стала основоположником первого дошкольного воспитания и обучения в Казахстане. Кроме того, рассматриваются труды, вклад в дошкольное воспитание и обучение. Поставленные цели, которые использовались в воспитательных заведениях прошлых лет, сегодня сравниваются с современными образовательными программами.

Ключевые слова: Назипа Кульжанова, дошкольное воспитание, детский сад, труд, основоположник

The article tells about the first journalist – publicist Kulzhanova Nazipa Segizbaevna, who are the founder of the first preschool education and training in Kazakhstan. In addition, works, contributions to pre-school education and training are considered. The goals set, which were used in educational institutions of the past years, are now compared with modern educational programs.

Key words: Nazipa Kulzhanova, preschool education, kindergarten, labor, founder

Қазіргі таңда Қазақстанның әр аймақтарында, ауыл шеткейлерінде балабақшалар мен қатар шағын орталықтар күннен - күнге артып келеді.

«Жас бала – жас шыбық, жас күйінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінді қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десек, сындырып аласың», - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай заманға лайық тәрбие мен білім беру ісі қазіргі заманның айғағы. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне мектепке дейінгі тәрбиенің тигізер әсерінің маңызы зор. Осы тұста, еліміздегі мектепке дейінгі білім берудің негізін салған, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың іргетасын қалаған тұңғыш педагог, әрі журналист – публицист Құлжанова Нәзипа Сағызбайқызы. Ұлы педагогтың ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуына және еліміздегі педагогика тарихында мектепке дейінгі тәрбиенің іргетасын қалауға күш салғаны айқын. Оған дәлел, ғалымның ХХ ғасыр басындағы орыстың көрнекті педагог ғалымы Н. Альмединген – Тумимнің мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты көптеген еңбектерінің маңызды тұстарын ескере отырып, қазақ қоғамының ағартушылық ойларын, тәрбиенің ең қажетті саласын жаңалық ретінде оқырманға ұсынғаны [1, 192 б].

Нәзипа Құлжанованың бізге қалдырған аса құнды еңбегінің бірі «Мектептен бұрынғы тәрбие». Бұл кітабы 1923 жылы, Орынбор қаласында жарық көрген. Аталған оқу-құралына ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы кіріспе сөз жазып, бұл еңбекке: «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға берген [2, 776.]. Ғалымның «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегі бес тараудан тұрады. Олар «Күллі жер жүзінде», «Мектеп жасына толмаған бала», «Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек?»,



«Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі» және «Балабақша деген не?». Осы кітаптың мазмұнынан сол кездердің өзінде шет елдерде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жұмыстарына зерттеу жүргізілгенін аңғаруға болады. Оған дәлел, автор кітабының алғашқы тарауында дамыған елдердегі балабақшалардың өмірі туралы баяндап, өзіміздің елімізде сондай бала бақшаның болашақ ұрпақты тәрбиелеуде атқаратын қызметі зор екеніне сеніммен қараған. Сонымен қатар, осы еңбегінде автор Италия, Европа, Шотландия, Жапон елінің бала бақшаларының құрал-жабдықтары бала тәрбиелеуде талапқа сай екенін, Швейцарияда мектеп жасына толмаған балалардың үйі бар екенін, осы балабақша балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталғаны туралы баяндаған [3,26 б.]. Осы еңбегіндегі көңіл бөлген басты мәселелері: баланы қалайша дұрыс тәрбиелеп өсіруі, табиғи қалпын бұзбай, мінсіз баулу, бала денінің дамуы, сонымен бірге сезім мүшелерінің ақаусыз жетілуі, зейінінің жан-жақты дамуы баяндалады [3,9 б.]. Оларға айтылатын сөздің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын жеткізген. Нәзипа Құлжановнаның еңбектерін зерттей келе жұмыстарында «мектептен бұрынғы жас», «мектеп жасына толмаған бала», деген сөздерді қолданғанын байқаймыз. Осы сөз тіркесінің беретін мағынасы, көзделіп тұрған нысаны бір болғанымен сипатамасында айырмашылықты байқауға болады. Мәселен, мектептен бұрынғы жас дегеніміз баланың зор білім қызметтерінің уақыты болып табылады. Яғни, ойын, күлкісі, жүгіру, сөйлеу, секіруі осы сияқты үлкендердің көзіне мағынасыз, мәнсіз болып көрінетін іс-әрекеттер, заттар балаларға үлкен, керекті, маңызды, еңбек болып табылады. Ал мектеп жасына толмаған баланың тәрбиесіне басты назар аударып жас ерекшеліктеріне сай жұмыстар жасау керектігіне мысалдар келтіріп түсіндірген. Мәселен, «Мектеп жасына толмаған бала» мақаласында баланың өзіне тән дамып өсуі, жетілуі табиғат заңына байланысты екені, ал ерте оқытып, мөлшерден тыс тапсырмалар беріп, барлық уақытын алу баланың толық адам болып дамуына ешқандай жақсылық әкелмейтінін, тек зиян келтіретінін баяндаған. Мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп, ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы - ойын екенін айтқан. Ойында бала көргеніне еліктейді, үйренгендерін нығайтады, бекітетінін көрсеткен. Ал, «Міне, мәселен, үш жасар бала» мақаласында үш жасар баланың негізгі іс – әрекетін, мінез – құлқын сипаттай келе, алты – жеті жасқа келгендегі бастан кешетін өзгерістеріне сипаттама береді. Нәзипа Сағызбайқызын толғандырған сұрақтардың бірі “мектеп жасына толмаған бала не үйренеді?”. Бұл сұрақтың жауабын түйінді тұжырымдарымен “Мектеп жасына толмаған балаға тәрбие неге керек?” мақаласында береді. Яғни, мектеп жасына толмаған бала балабақшасыз да, мектепсіз де өсе алады. Бірақ бала бақшасының тәрбиесін көрмеген бала көп білімнен, жақсы әдеттерден құр қалады. Осы мақаласында мектептен бұрын баланың үйренетін заттарын, іс - әрекет, қимылдарын мысалдар ретінде көрсеткен [3,286.]. Ал “Үлкендердің мектеп жасына толмаған баланы таныған түрі” мақаласында баланың еркін дамып өсуіне бөгет болатын нәрелерді атап көрсетеді. Оларға: 1) үлкендердің баланың керегін түсініп білмейтіндігі, 2) бейне бір кішкене аң, хайуандай көріп, ықылассыз, салақ қарап, үлкендер бұлардың табиғатына көңіл бөлмейтіндігі, 3) балалық жасты тезірек жол қылып, шын үлкен кісілік дәрежеде жеткізу керек деп түсінгендігі, 4) 7-8 жасқа дейін оқудың қажеті жоқ, 20-30 жастан кейін оқуға кеш деп, баланың өсіп, тәрбиелену жайын дұрыс түсінбеуін баяндаған. Сонымен қатар, танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген. Оған дәлел «Бала өне бойы еркін ұнатқан нәрселерін шұқылап отырып, бұрап сындырып, мүшелеп әбден танып, қайта салыстырып, соны өзі жасамақ болады, һәм жасайды да. Бұл – баланың тағы бір артықша қасиеті, зерттеп тану құмарлығы. Бұл – жан – жақтағы жайнаған дүниені танытып, өзі де жасауға кірісу үшін жаратылыстың көкірегіне әуелден құйған құмарлығы. Бұл қасиетін танымаймайтын надандар «Тиме!», «Сындырасың!», «Шықпа, жығыласың!», «Таста, бүлдіресің!», деп зарлаумен баланың алайын деп отырған қанша білімін тағы да тамырынан



кияды», - дейді [3,30-31 б.]. Расыменде, канша уақыт аралығы өтсе де, күні - бүгінге дейін ересек адамдар күнделікті өмірде осындай сөздерді балаларына жиі айтады. Нәтижесі байқалмайтын, бірақ үлкен психологиялық ақауларға алып келуі мүмкін, келесі жолы білуге – құмарлық қасиетін негізінен кесіп, жоғалтып жіберуге болатынын байқамайды.

Ғалымның мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге қосқан тағы бір құнды еңбегінің бірі “Бала бақшасы деген не?” атты мақаласында жазылған. Онда “бала бақшасы” деген не, оның маңызы, мектеп жасына толмаған балаларға үйрететін білімін толықтай сипаттайды. Сонымен қатар, бала бақшасының белгілі бір жасап алған жоспар, бағдарламасы болмағандықтан, істейтін жұмысының ретін тұрмыс – тіршілігінің өзі көрсетіп, сілтеп отырған[3,45 б.]. Балалар бақшасының өзінше ішкі тәртіпті жолы жоқ деп айту қате, өйткені тәртіп, жол – жоба бар. Бұл жерде жол-жоба дегеніміз – мектептен бұрынғы тәрбие орындарының алдына мақсат қылып қойған нысаналары болып табылады. Ғалымның қалдырған мәліметтеріне сүйенсек бала бақшасы 11 нысана бойынша балаларды оқытып тәрбиелеген. Қазіргі таңдағы Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік типтік бағдарламасы 5 салаға бөлініп, әр сала бөлімдерге бөлінген (кесте 1) көруге болады[4]. Демек, қазіргі таңдағы қолданылып келе жатқан білім беру бағдарламалары Н. Құлжанованың ұсынаған нысаналарымен тікелей байланыстылығы байқалады. Бұл ұлы педагогтың еліміздегі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің іргетасын қалаға ғалым деп айтуымызға болатын дәлелдердің бірі.

Кесте 1. Типтік бағдарламалар

Н. Құлжанова ұсынған балабақша нысаналары:		Қазіргі таңдағы типтік оқу бағдарламалары: Білім беру саласы: Бөлімі:
1.	Тән саулығы, бала тәннің түзу өсуі	«Денсаулық» 1. “Дене шынықтыру”
2.	Дене қимылын түзету	2. “Қауіпсіз мінез - құлық негіздері”
3.	Нәрсенің түсі – түгін анықтау	«Шығармашылық»
4.	Баланың сырт сезімдерінің дамуы	1. Сурет салу 2. Мүсіндеу 3. Аппликация 4. Музыка
5.	Балалардың білімін арттыру	«Қатынас»
6.	Бала тілінің шеберленуі	1. Сөйлеуді дамыту 2. Көркем әдебиет 3. Сауат ашу негіздері 4. Драма 5. Орыс тілі 6. Ағылшын тілі
7.	Еңбекке машықтандыру	«Әлеумет»
8.	Адамның сезімін көтеру	1. Өзін - өзі тану
9.	Мейірімділік әдеттерін көркейту	2. Қоршаған ортамен таныстыру 3. Экология негіздері
10.	Көпшілдік пен еңбек	«Таным»
11.	Шеберлік,жаратқыштық зейіннің көтерілуі.	1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру 2. Құрастыру 3. Жаратылыстану

Нәзипа Құлжанованың айтуынша бала психологиясын дұрыс меңгермеген тәрбиеші баланы дұрыс тәрбиелей алмайды. Осы тұста ғалымның тағы бір тың еңбегінің бірі “Ана мен



бала тәрбиесі”. Бұл еңбегі педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне арналған анықтамалық кітапшасы, әдістемелік нұсқаулықтар сияқты керек мәліметті алуға мүмкіндік беретін кітап. Бұл кітабында ананың нәрестесінің дүниеге келу дайындығы мен дүниеге есігін ашқаннан кейінгі өміріне қажет дұрыс күтімі, тамақтануы, дене дәрбиесі туралы мәліметтер баяндалады.

Қорыта келгенде, Нәзипа Құлжанованың мектепке дейінгі тәрбие туралы жазған еңбегінің құндылығы: біріншіден, оның Қазақстан топырағында тұңғыш мектепке дейінгі педагогика ғылымының негізін салушы педагог-ғалым болуымен ерекшеленсе, екіншіден - Н.Құлжанова мектепке дейінгі педогогиканы, биология, медицина ғылымдарының жетістіктерімен байланыстыра қарастырады. Ана мен бала тәрбиесі, әсіресе баланы мектепке дайындау жайында әдістемелік құралдар педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне арналған анықтамалық кітапшасы, әдістемелік нұсқаулықтар ретінде қолданылып келе жатыр. Олай болса бұдан қанша жыл бұрын жазылған ғалымның еңбектері күні бүгінге дейін өзінің құндылығына жоғалтпаған аса құнды еңбек екені айқын.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Исабай Қ. Байжан–Ата С. «Қажыға барған қазақтар», Алматы: Ана тілі, 1996ж.-192б.
- 2 Қалиев С. Назипа Құлжанова - мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы ғалым, көректі ағартушы, қоғам қайраткері. Ақиқат №7, 2017 ж. – 77-79 бет.
- 3 Құлжанова Н. Шығармалары: «мақалалар, очерктер, педагогикалық ой – пайымдар, аудармалар). – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2014 ж. – 384 бет.
- 4 “Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы № 557 бұйрығы.

Влияние семьи и школы на формирование тревожности у младшего школьника

Темирова Мадина Ереновна, магистрант 1 курса
Университет «Туран-Астана»

Аннотация. По статистике, в каждой второй семье имеются проблемы, связанные с правильным воспитанием ребенка, которые в свою очередь приводят к тревожности. В настоящее время увеличилось число тревожных детей, отличающихся повышенным беспокойством, неуверенностью, эмоциональной неустойчивостью. Психологическое самоощущение детей, поступающих в школу, характеризуется нехваткой любви, теплых надёжных отношений в семье, эмоциональной привязанности. Проявляются признаки напряженности в контактах, страхи, регрессивные тенденции и даже суицидальная настороженность. В связи с этим проблема влияния семьи и школы на развитие ребенка очень значима в наше время.

Став учеником, ребенок узнает множество вещей: школьная дисциплина, подготовка домашних заданий, новые требования и обязанности. Такие изменения сопровождаются эмоцией интереса. Эта положительная эмоция через некоторое время может угаснуть в связи с неудачами в школе и, как следствие, неудовольствием родителей и учителей. Появляются другие эмоции – страх, тревога, агрессия, снижается уровень успеваемости.

Тревожность - это переживание эмоционального дискомфорта, связанное с ожиданием неблагополучия, с предчувствием грозящей опасности [2]. Тревожность связана с ожиданием социальных и индивидуальных последствий успеха или неудачи. Для младших школьников



это, прежде всего, успехи и неудачи в их ведущей деятельности — учении, которая включает межличностные отношения с учителем, одноклассниками, родителями, а также их собственные переживания по поводу уровня самооценки, удовлетворенности основных потребностей.

